



ASTANA
INTERNATIONAL
UNIVERSITY



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы қатысуымен Астана халықаралық университетінің педагогикалық институты, Астана қаласының Білім басқармасы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ұйымдастыруымен Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай **«Абайдың «Толық адам» ілімі – қазақ руханиятының темірқазығы»** халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар өтетінін хабарлаймыз.

СЕМИНАРДЫ ӨТКІЗУ ТАЛАБЫ

Осы ереже Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай 2025 жылдың 26, 27 наурыз, 19 сәуір күндері өтетін **«Абайдың «Толық адам» ілімі – қазақ руханиятының темірқазығы»** халықаралық деңгейде өтетін ғылыми-тәжірибелік семинар мақсат-міндеттерін, өткізу және қатысу тәртібін белгілейді.

Семинар мақсаты: Абай мұрасын, дүниені танудағы философиялық ой-тұжырымдарын білім беру ұйымдарында оқыту, Абай шығармаларын оқыту әдістемесін жетілдіру, кәсіби дағдыларын дамыту және инновациялық технологияларды меңгерту арқылы жаңашылдығымен, шығармашылдығымен ерекшеленетін педагогтерді және креативті ойлайтын білім алушыларды анықтап, педагогтердің тәжірибе алмасуын жүзеге асыру.

Семинар міндеттері:

- халықаралық жоғары оқу орындары мен орта білім беру ұйымдары педагогтерінің мәдени, рухани байланысын нығайту және тәжірибе алмасу алаңын құру;

- зерттеу дағдыларын дамыту;
- ғылыми жұмыстар жазу тәсілдерін меңгерту;
- өз тәжірибесін жинақтау арқылы рефлексивті дағдыларын дамыту;
- педагогтердің педагогикалық зерттеу әрекетін ұйымдастыру;
- үздік инновациялық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату;

- дарынды оқушылар мен шығармашыл ұстаздарды анықтап, олардың әлеуетін дамыту.

Ұйымдастырушылар: Астана халықаралық университетінің педагогикалық институты, Астана қаласының Білім басқармасы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, Астана қаласы әкімдігінің «№101 орта мектебі» КММ

Қатысушылар: ЖОО оқытушылары, орта білім беру ұйымдарының педагогтері және білім алушылары.

Өтетін уақыты: 2025 жылдың 26, 27 наурыз күндері онлайн, 19 сәуір күні офлайн форматта өтеді. Онлайн форматта Google Meet платформасымен өтеді.

Онлайн форматта өтетін оқыту семинарының мазмұны:

1-күн: "АБАЙДЫ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ"	
1. Абай шығармаларының педагогикалық мәні	-Абай шығармаларының қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орны. -Абайдың шығармаларының қазақ қоғамы мен мәдениетіне жасаған ықпалы, оның философиялық мұрасы, ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы рөлі. -Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде қазақ халқының әлеуметтік мәселелерін көтеру, адамгершілік, білім алу мен тәрбие беру мәселелеріне қатысты ой-пікірлерін түсіну.
2. Абай шығармаларын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері	-Абай шығармаларын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: мақсаты, міндеттері, принциптері. -Абай шығармаларын оқытуда басты назар аударатын мәселелер: ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту. -Абай шығармаларын қазіргі заман талаптарына сай оқыту әдістемесі. Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар мен педагогикалық әдістерді қолдану.
3.Абайдың «Толық адам» ілімінің философиялық мәні	-Абайдың философиялық көзқарастарын, адамгершілік принциптерін және ұлттық руханияттағы орны мен маңызы. -Абайдың толық адам ілімінің негізгі принциптері. -«Толық адам» ұғымы мен ұлттық сана-сезімнің байланыстығы. -Абайдың ұлттық руханияттағы орны мен оның мәдениетке қосқан үлесі.
2-КҮН: «ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ: ІЗДЕНІСТЕР МЕН ШЕШІМДЕР»	
Жасанды интеллект: білім беру жүйесіндегі рөлі	-Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында қалай қолданылады? - ЖИ оқытуды жеңілдетудегі және білім сапасын арттырудағы ықпалы. - ЖИ тиімді пайдалану тәсілдері.
Зерттеу мақаласын жазудың қадамдары	-Зерттеу тақырыбының өзектілігін, мақсаттары мен міндеттерін көрсету. -Бұрынғы зерттеулер мен теориялық негіздер туралы шолу, зерттеу тақырыбына қатысты зерттеулерді талдау.
Білім беру менеджменті	- Заманауи білім беру ұйымдарының басқару әдістері. - Білім беру жүйесінде стратегиялық жоспарлаудың маңызы. - Білім беру жүйесін тиімді басқару, мектептердің және оқу орындарының жұмысын оңтайландыру, стратегиялық жоспарлау мен басқару әдістерін қолдану.
Инновациялық педагогикалық тәжірибе	-Қолданылған әдістер мен тәсілдердің тиімділігі, олардың педагогикалық процесті жетілдіруге қандай әсері бар. -Автор өзінің жұмысының нәтижелерін нақты деректермен, статистикалық мәліметтермен немесе оқушылардың жетістіктерімен дәлелдеуі керек.

Онлайн семинардың құрылымы:

- Теориялық бөлім: 3 сағат 30 минут
- Топпен жұмыс/ Кейс-стади: 60 минут

- Дискуссия мен пікір алмасу: 45 минут
- Сұрақ-жауап: 15 минут
- Қорытынды: 10 минут
- Кері байланыс: 20 минут

Семинарға қатысты техникалық талаптар:

- семинарға Өтінім берген барлық қатысушылар үш күнге де (2 күн онлайн, 1 күн офлайн) қатысуы міндетті,
- 17 наурыз күннен кейін Өтінім берген қатысушыларды WhatsApp қолданбасы бойынша топқа қосып, семинар туралы қосымша ақпараттар хабарланады;
- қатысушыларға тұрақты интернет байланысы және жұмыс істеуге дайын микрофон, камера керек;
- онлайн семинар платформасы: google meet (алдын ала жүктеп, дайындап қою).

Қатысушы міндеттері:

- семинардың әр күніне дайындықпен келу (көрсетілген тақырып, бағыттар бойынша);
- белсенді қатысу, талқылауларға қосылу;
- семинар тақырыбына қатысты үй тапсырмаларын орындау;
- топтық жұмыстар мен шығармашылық тапсырмаларды уақытында орындау;
- мәдениет: барлық қатысушылар бір-біріне құрметпен қарап, сұрақтарға жауап беру кезінде әдептілікті сақтау керек;
- техникалық мәселелер: семинар басталғанға дейін барлық қатысушылар платформамен танысып, техникалық қиындықтарды алдын ала шешулері қажет.

Семинардың 3-күні (19.04.2025 ж.): офлайн форматта өтеді

Семинардың 1,2-күндеріне онлайн қатысқан қатысушы 3-күніне де қатысып, өз іс-тәжірибесімен бөлісуі қажет. Қатысушы 1-қосымшаға сәйкес Сұранысты және төлем түбіртегін 17 наурызға дейін 5-қосымшаға сәйкес электронды поштаға жібереді. Сонымен бірге, бағыттар бойынша жұмыстарын, материалдарын 12 сәуірге дейін дайындап жіберуі қажет.

Өтетін күні, уақыты: 2025 жылдың 19 сәуір, 9.00-16.00

Өтетін мекенжай: Астана қаласы әкімдігінің «№101 орта мектебі» КММ, Төле би көшесі 57.

Өту түрі: 4 бағыт бойынша тәжірибе алмасу алаңдары жұмыс жасайды

I. «Өнерпаз болсаң арқалан» өнер бағыты

1.1. Абай шығармаларының мазмұны негізінде сурет салу

Қатысушы ұйымдастырушылар ұсынған Абай шығармаларының бірін таңдай отырып, шығарма мазмұны негізінде сурет салады. Қатысушы сурет салуға арналған А3 торшон қағазы немесе кенеп матасы, гуашь, акварель бояуы, қылқалам (кист), палитра, су құятын ыдыс, қол сүртетін қағаз (майлық), жақтау (рамка), мольберт т.б. өзімен бірге алып келеді. Қатысушыға 50 минут уақыт беріледі. Салған суреттерін сурет жақтауына салып, мольбертке орналастырып, галерея ұйымдастырады. Авторға салған шығармасын таныстыруға 3 минут уақыт беріледі.

Бағалау критерийі:

- ✓ композиция
- ✓ түс пайдалануы
- ✓ анатомия мен пропорциялар

- ✓ детальдар мен текстуралар
- ✓ жарық пен көлеңке
- ✓ техникалық орындауы
- ✓ шығармашылық және инновация
- ✓ шығарманың мазмұнын түсіну және идеяны ашуы
- ✓ шығармашылық интерпретация
- ✓ Абай шығармасының өзектілігін көрсетуі

1.2 «Абайға арнау» ақындар мүшәйрасы

Ақын-педагог ұсынылған тақырыптардың бірін таңдай отырып, 40 минут уақытта өз арнауын жазады және нақышына келтіріп мәнерлеп оқиды.

Бағалау критерийі:

- ✓ өлеңнің мазмұны мен идеясы
- ✓ өлең құрылымы мен формасы
- ✓ тілі мен стилі
- ✓ шығармашылық ерекшелігі
- ✓ эмоционалдық әсері
- ✓ жүйелілік және логика
- ✓ қоғамдық маңыздылық
- ✓ аудиторияға қатынас

1.3 Абай әндерін орындау

Қатысушылар Абайдың әнін немесе Абайға арналған авторлық өз әнін (соло, дуэт, трио, квартет) орындайды.

Бағалау критерийі:

- ✓ дауыстың сапасы мен техникасы
- ✓ тоналдылық және интонация
- ✓ эмоционалдық жеткізу
- ✓ динамика және ритм
- ✓ техника мен жанрға сәйкес орындау
- ✓ сахналық шеберлік
- ✓ шығармашылық интерпретация
- ✓ концерттік орындау
- ✓ техникалық дәлдік және кәсібилік
- ✓ жалпы әсер және өзара үйлесімділік

II. «Ғылым таппай мақтанба ...» ғылыми бағыт

Қатысушы Абайдың шығармашылық мұрасы мен философиялық көзқарастарын ғылыми тұрғыдан зерттей отырып, ғылыми мақаланы (2-қосымшаға сәйкес) жазады. Мақалада Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінің қоғамдық, мәдени және рухани маңыздылығы терең талдануы қажет. Абайдың шығармашылығын терең зерттеу, философиялық көзқарастарын талдау және қазіргі қоғаммен байланысын анықтай отырып, Абайдың әдеби мұрасын, қазақ халқының мәдениеті мен адамгершілік құндылықтарына әсерін және бүгінгі күнде ақын шығармаларының маңыздылығын көрсету қажет. Ғылыми мақаланы 5-қосымшадағы кестеге сәйкес электронды поштаға 12 сеуірге дейін жібереді.

Ұсынылатын (үлгі) тақырыптар:

- «Ұлттық білім беру: Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар»
- «Абайдың шығармаларындағы ғылым мен білімді насихаттаудың психологиялық аспектілері»

- «Абай философиясындағы ғылым мен адамның рухани дамуындағы байланыс»
- «Абай философиясындағы білім мен тәрбие: оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсері»
- «Абайдың ғылым мен білім туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы орны»
- «Қара сөздеріндегі негізгі философиялық идеялар»

Бағалау критерийі:

- ✓ мазмұнның жаңалығы мен өзектілігі
- ✓ зерттеу мәселесі және мақсаты
- ✓ әдебиетке шолу және теоретикалық негіз
- ✓ зерттеу әдістері
- ✓ нәтижелер мен талдау
- ✓ қорытындылар мен ұсыныстар
- ✓ тәжірибе мен нәтиже
- ✓ құрылым мен логика
- ✓ ғылыми құндылық

III. «Ұстаздық еткен жалықпас ...» әдістемелік бағыт

3.1. Абай шығармаларына комикс әзірлеу

Абайдың өлеңдеріндегі, қарасөздеріндегі маңызды ой-тұжырымдарды визуалды түрде көрсете отырып, Абай шығармаларына (поэмалары, аудармалары (мысалдары), қарасөздері) комикс әзірлеу. Жұмысты мұғалім мен оқушы, оқытушы мен студент бірігіп әзірлейді. Жұмыс А4 өлшем, PDF форматында 5 парақтан кем емес, 10 парақтан артық емес болуы керек.

Бағалау критерийі:

- ✓ мультимедиялық ерекшелік
- ✓ сурет пен диалогтар арқылы оқырманға идея мен эмоцияны дәл беру
- ✓ ақпараттылық, мазмұнға сәйкестігі
- ✓ креативтілік
- ✓ иллюстрациялық, графикалық элементтер мен дизайн ерекшелігі
- ✓ диалогтардың қысқа әрі нақты болуы
- ✓ сюжетті нақты жоспарлауы
- ✓ философиялық ойларын визуалдауы

3.2. Инновациялық педагогикалық тәжірибе

Педагог Абай шығармаларын оқытуға байланысты әзірленетін авторлық (бағдарлама (оқу құралы, жұмыс дәптері, ҚМЖ), әдістемелік құрал, дидактикалық материалдар, жоба, анимациялық видеолар жинағы, мультфильм жинағы т.б.) жұмыстарын дайындап, Абай шығармаларын оқытудың тиімді жолдарын ұсынады. Абай шығармаларын оқытуға байланысты әзірленетін авторлық жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, философиялық мұрасын түсінуге, жас ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруға бағытталуы қажет. Қатысушы фестиваль өтетін күні 3-қосымшаға сәйкес презентация дайындап, ТЕДх форамында қорғайды. Инновациялық педагогикалық тәжірибесін (авторлық жұмысын) 5-қосымшада көрсетілген элпоштаға 12 сәуірге дейін жібереді.

Бағалау критерийі:

- ✓ жаңашылдық және инновация
- ✓ әдіс-тәсілдердің тиімділігі
- ✓ тәжірибенің педагогикалық нәтижелері
- ✓ тәжірибенің педагогикалық ортада қолданылуы

- ✓ қатысушылардың кері байланыс
- ✓ педагогикалық процестің тиімділігі мен нәтижелілігі
- ✓ әдіс-тәсілдердің теоретикалық негізделуі

3.3. Педагогикалық шеберлік сынып

Педагог шеберлік сыныбының мақсаты мен тақырыбына сай жаңа инновациялық педагогикалық әдістерді қолдана отырып, олардың тиімділігін көрсетеді. Шеберлік сыныпта Абай шығармаларын оқытудың тиімді жолдарын ұсыну, әртүрлі педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, шығармашылық дағдыларын жетілдіруде және Абайдың философиялық мұрасын терең түсінуге ықпал етуде өз тәжірибесін көрсетеді. Шеберлік сыныпта әр педагогке 7-10 минут уақыт беріледі. Шеберлік сынып талаптары 4-қосымшаға сәйкес дайындалады.

Ұсынылған (үлгі) тақырыптар:

- «Абай қарасөздеріндегі таным мен тағылым»
- «Өнер, білім, ғылым тақырыбындағы Абай шығармашылығын оқыту»
- «Абайдың табиғат лирикасын оқыту жолдары»
- «Абайдың «Ескендір» поэмасындағы философиялық түйін»
- «Абай шығармашылығын әлем әдебиетімен салыстыра оқыту»
- «Қазіргі таңдағы Абай ілімінің өзектілігі»

Бағалау критерийі:

- ✓ мақсат пен міндеттері
- ✓ мазмұнның өзектілігі және жаңашылдығы
- ✓ шеберлік сыныбының ұйымдастырылуы
- ✓ интерактивтілік және қатысушылардың белсенділігі
- ✓ шеберлік сыныбының оқыту әдіс-тәсілдері
- ✓ шеберлігі мен кәсібилігі
- ✓ қатысушылардың кері байланысы мен бағалауы
- ✓ шеберлік сыныбының нәтижелілігі

IV . «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» бағыты

4.1. Білім беру менеджменті

Ұлттық білім беру жүйесінің сапасын арттыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау, мектептерде инновациялық тәсілдерді дамыту мақсатында «Ұлттық мектеп» жобасын ұсынады, қорғайды. Жобада қатысушылар Абайдың «Толық адам» концепциясы, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықты оқу үдерісінде қолдану, білім беру саласындағы менеджмент жүйесі бойынша менеджменттік идеяны ұсынады.

Бұл бағыт жұмысына білім беру ұйымдарының басшылары, директорлары, директор орынбасарлары, әдіскерлер жұптасып «2 адамнан артық емес) қатыса алады. Қатысушыларға TEDx форматында өз идеяларын ұсынып, қорғауға 5-7 минут беріледі. Жұмысының тұжырымдамасын құрып, 5-қосымшада көрсетілген элпоштасына 12 сеуірге дейін жібереді.

Бағалау критерийі:

- ✓ мақсаттың айқындылығы
- ✓ ұсынылған идеяның білім беру саласында нақты тәжірибеге енгізудегі өзектілігі
- ✓ жаңа әдістемелер мен шығармашылық идеяларды енгізуі
- ✓ ұлттық білім беру әдістері мен тәжірибелерін зерттеуі
- ✓ Абайдың адамгершілік құндылықтары мен «Толық адам» концепциясын қазіргі білім беру жүйесіне интеграциялаудың тиімділігі туралы ғылыми негізделген аргументтердің болуы

- ✓ ТЕДх форматы құрылымының (кіріс, негізгі бөлім, қорытынды) сақталуы
- ✓ спикердің өз сөзін уақытқа сай нақты әрі жүйелі түрде жеткізуі

4.2. Педагогикалық хакатон

Абайдың шығармашылығын, оның адамгершілік құндылықтарын негізге ала отырып, мектептердегі басқару мен оқу үдерісін жақсартуға бағытталған нақты, тиімді және инновациялық шешімдер мен ұсыныстар жасау мақсатында өткізіледі. Педагогикалық хакатонға команда (5 адам) болып қатысады. Команда құрамында білім беру ұйымдарының басшылары, директордың орынбасарлары, мұғалімдер, мектеп парламент мүшелері, ғылыми қызметкерлер мен студенттер болуы мүмкін. Педагогикалық хакатонның негізгі тақырыбы: **«Абайдың шығармалары негізінде оқу үдерісін жақсарту».**

Хакатонның форматы:

- қатысушылар Абайдың шығармалары, педагогикалық көзқарастары мен адамгершілік құндылықтарын қолданып, оқу үдерісін жақсартуға арналған инновациялық ұсыныстар мен шешімдерді ұсынады.
- ұсыныстар мектепті басқару, үштік одақ арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, оқу сапасын арттыру сияқты аспектілерді қамтуы керек.
- әр команда өз шешімін (5-7 минут) таныстыруы, қорғауы керек.
- жұмыс презентация немесе бейнематериал, банер түрінде ұсынады.

Бағалау критерийлері:

- ✓ тақырыптың өзектілігі мен тереңдігі
- ✓ ұсынылған шешімдердің сапасы
- ✓ кейстің құрылымы мен логикасы
- ✓ ұсынылған шешімдердің қазіргі заман талабына сай болуы
- ✓ Абайдың шығармашылығына негізделген дәлелді негіздеме мен теориялық талдаудың болуы
- ✓ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына үйлесімділігі
- ✓ командалық жұмыс және креативтілік деңгейі
- ✓ нақты ұсыныстар мен шешімдер
- ✓

Қатысушының жұмыстарын сараптамалық комиссия сараптап, талапқа сай орындалған жұмыстарды қорғауға ұсынады. Қорғауға ұсынылған жұмыстарды қазылар алқасы бағалап, нәтижесін шығарады. Қазылар алқасы шығарған қорытынды бойынша Астана халықаралық университетінің педагогикалық институты, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» атынан 2 күн оқыту семинарына қатысқаны үшін Сертификат және 3-ші күнгі тәжірибе алмасу алаңында іс-тәжірибесімен бөліскені, таратқаны үшін Диплом (номинация), Сертификат беріледі.

Талапқа сәйкес әзірленіп, ұсынылған жұмыстар **Абайдың «Толық адам» ілімі – қазақ руханиятының темірқазығы»** халықаралық семинар материалдары жинағына енеді және семинар өткен күннен кейін бір ай ішінде Астана қаласының әдістемелік орталық сайтында (<https://astana-modern.edu.kz>) жарияланады. Семинар барысында алынған фото және бейнематериалдар ақпараттық және жарнамалық мақсаттарда пайдаланулы мүмкін.

Ескерту: Талапқа сай рәсімделмеген және орындалмаған, сонымен қатар антиплагиаттан өтпеген және көрсетілген уақыттан кеш жіберілген жұмыстар фестиваль жұмысында қарастырылмайды, жинаққа енбейді, жұмыстар мен төлемақысы кері қайтарылмайды.

Семинар ұйымдастырушылары:

- Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» әдіскері – Маман Жанар Сейтахметқызы, қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні Педагогтер қауымдастығының көшбасшысы – Төлеубаева Самал Жақсылыққызы;
- Астана халықаралық университетінің педагогикалық институты оқытушысы – Ғалиябану Кабиевна;
- Астана қаласы әкімдігінің «№101 орта мектебі» КММ ұжымы

Семинарға қатысу жарнасы

Ұйымдастыру жарнасы: 6000 (алты мың) теңге. Төлем төмендегі реквизиттер бойынша қабылданады және төлем бойынша түбіртек (төлемнің күні/уақыты көрсетілген сканерлеу көшірмелер, фотосуреттер) 5-қосымшаға сәйкес жауапты адамдарға Сұраныспен бірге жіберіледі.

Төлем реквизиттері:

Мекеменің атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖСН/БСН: 070540006188

ЖСК: KZ42722S000006089425

БСК: CASPKZKA

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, көш.

Қабанбай батыр 33

КБЕ: 16

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы С. Дауешоваға
000000000 басшысы
00000000000дан

Сұраныс

2025 жылдың 19 сәуірі күні өтетін «Абайдың толық адам ілімі – қазақ руханиятының темірқазығы» халықаралық семинарына кестеде берілген педагогті қатыстыруыңызды сұраймын.

Мекеме атауы	Фестиваль бағыт атауы	Бағыт бөлімдері атауы	ТАӘ	Электронды поштасы	телефоны «ватцап)

00000000000 басшысы

0. 000000000000

Зерттеу мақаланы әзірлеуге және құрылымына қойылатын жалпы талаптар

Мақала келесі талаптарға сай болуы керек:

- тақырыптың өзектілігі;
- тақырыптың анықтығы мен дәлдігі;
- мақала мазмұнының журнал басылымының тақырыбына сәйкестігі;
- педагогикалық зерттеудің әдістері мен нәтижелерін сипаттау;
- мақала тек сипаттама түрінде емес, аналитикалық сипатта болуы тиіс;
- нақты практикалық мысалдарды сипаттау және оларды тақырыпты таңдаумен және мәселенің өзектілігімен салыстыру;
- зерттеу нәтижелеріне негізделген ұсыныстар;
- әдебиеттер тізімі;
- аңдатпа және түйінді сөздер жазылады.

Техникалық рәсімдеуге қойылатын талаптар

Ғылыми мақаланың көлемі шектеулі (баспа мәтінінің көлемі 5-6 беттен аспауы керек, қағаз өлшемі – А4, портреттік бағдар, барлық жағынан 2,5 см, Times New Roman, түсі – қара, қаріп өлшемі – 14; 1,5 жоларалық интервал), сілтемелер болуы керек.

Мақаланың құрылымы

Автор(лар)дың ТАӨ, қосымша мәліметі (жұмыс орны, лауазымы) оң жаққа қарай жинақталып, **тақырып** құжаттың ортасында орналасуы керек.

Аннотация (100 сөзден аспайды). **Кілт сөздер** (3-7 сөз).

Кіріспе: тақырыппен таныстырады, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдайды, тақырыптың өзектілігін сипаттайды.

Әдебиеттерге шолу: Берілген тақырып бойынша өткен зерттеулерді егжей-тегжейлі тексеру.

Зерттеу әдістемесі: зерттеуде қолданылатын әдістердің сипаттамасы.

Нәтижелер: алынған мәліметтерді ұсыну және оларды талдау.

Сурет-кескіндердің көлемі мақала көлемінің 1/4 бөлігінен аспауы керек.

Талқылау: нәтижелерді түсіндіру, өткен зерттеулермен салыстыру, заңдылықтарды анықтау.

Қорытынды: қорытындылау, негізгі қорытындыларды анықтау және одан әрі зерттеу перспективалары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Мақаланың мәтінін жазу үлгісі

МАҚАЛАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

Арманов Арман Арманұлы
Астана қаласы № 777 Орта мектебінің
физика пәні мұғалімі

Аңдатпа

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Түйінді сөздері:

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Кіріспе

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін [1, 95 б].

Әдебиеттерге шолу

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін [2].

Зерттеу әдіснамасы

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Нәтижелер (бар болса)

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Талқылау (бар болса)

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Қорытынды (бар болса)

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Зерттеуді қаржыландыру туралы ақпарат

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: (ЖМББС (ГОСТ) бойынша)

1. А. К.Игибаева, А.Д. Толеуханова: «Киберпедагогика–педагогика ғылымының инновациялық» //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2020. – Т. 68. – №. 4. – С. 12-17.

2. Aitbaeva A., Shaigozova Z. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу немесе оқыту дизайны мәселелері //Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2022. – Т. 71. – №. 2. – С. 4-12.

3. Б. К.Иксатова, Ш. Ж.Колумбаева, А. Ж. Еримова «Болашақ бастауыш білім педагогтерінде цифрлық дағды қалыптастырудың басымдықтары» //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2022. – Т. 73. – №. 1. – С. 86-96.

4. Г.М.Сухова Планирование в экономике / Г.М. А.А. Сухова, М. Григорян. / Печатное слово, 2012. – 248 с.

Презентация құрылымына, оны қорғауға қойылатын талаптар:

- ✓ презентация мазмұны, құрылымы тыңдаушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес келуі;
- ✓ мақсаттың анық болуы: ақпарат беру, пікірталас жүргізу, мотивация беру, сұрақ қою, т.б.;
- ✓ слайдтардағы суреттер мен диаграммалар ақпаратты жақсы түсінуге көмектесіп, мәтін қысқа әрі нақты болуы;
- ✓ презентацияны оқымай, сөйлеу арқылы жеткізу;
- ✓ дауысын, сөйлеу мәнерін, тілдесу тәсілдерін жетілдіру;
- ✓ презентация құрылымын сақтау (кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды);
- ✓ жұмыс тақырыбын, мақсатын, өзектілігін, жаңашылдығы мен зерттеу бағытындағы өзіндік әдістемесін, тәжірибесін айқын көрсету;
- ✓ тыңдаушы нақты тәжірибе алуы үшін теория мен практика арасындағы байланысты көрсету, нақты деректер келтіру, әрбір қадамды түсіндіру, жұмыс нәтижесін көрсету;
- ✓ слайдтардың құрамы мен дизайны: фонның түсі мен мәтіннің түсі бір-біріне үйлесімді болу, мәтін қысқа әрі нақты берілуі, суреттер мен графиктер ақпаратты түсінуге көмек беруі, шрифттердің көлемі мен стилі оқуға ыңғайлы болуы (слайдтың тақырыбы үшін үлкенірек шрифт, мәтін үшін кіші шрифт), қарапайым түстерді қолдану (бір слайдта 3 түстен артық болмауы), әр слайдтағы сөз саны 20 сөзден аспау, шрифт өлшемі де негізгі талапқа (тақырып 28-30, мәтін 18-20) сай болуы;
- ✓ қажетті ақпаратты жеткізу үшін уақытты тиімді пайдалану;
- ✓ тыңдаушыларға қызықты, пайдалы болуы үшін теориядан қарағанда өз тәжірибе, өзіндік әдістеме көрсетуді назарда ұстауы қажет.

Шеберлік сыныпқа дайындық талаптары:

- ✓ шеберлік сыныбының мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- ✓ ұйымдастырушылық дағдылар: уақытты тиімді пайдалану, шеберлік сыныбының құрылымын сақтау;
- ✓ сөйлеу және дауыс ырғағы: дикция және интонация, сөйлеу техникасы
- ✓ қатысушыларды тарту және мотивация: қатысушылардың қызығушылығын ояту, қатысушылардың белсенділігін сақтау
- ✓ кәсіби шеберлік және өзіндік даму: шеберлік сыныбын жүргізудің кәсіби деңгейі, тәжірибе алмасуды көздеу
- ✓ эмоционалды интеллект, психологиялық климатты қалыптастыру
- ✓ кіріспесінде шеберлік сыныпты қызықты әрі әсерлі бастаңыз, қатысушылардың көңілін аударатын тақырыпқа сай сұрақтар қойып, оларды белсенді етіңіз.
- ✓ тақырыпты түсіндіру: теориялық бөлімде жаңа ақпаратты нақты әрі түсінікті түрде жеткізу. мұғалімдердің әрқайсысына бұл әдіс-тәсілдерді сабақта қалай қолдануға болатынын түсіндіру.
- ✓ интерактивті әдістерді қолдану: қатысушылардың белсенділігін арттыру үшін топтық жұмыс, рөлдік ойындар, пікірталастар немесе симуляциялар ұйымдастыру.
- ✓ практикалық тәжірибе: мұғалімдерге жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға мүмкіндік беру. олардың сабақтарын модельдеу немесе белгілі бір жағдайларды шешу үшін практикалық тапсырмалар орындау.
- ✓ талдау мен кері байланыс: әр тапсырмадан кейін қатысушылардың жұмысын талқылап, кері байланыс беру. қажет болса, кеңес беріп, ұсыныстарды айту.

Семинарға қатысу үшін Сұранысты (бекіткен нұсқасы мен бекітілмеген нұсқасын қоса жіберу сұралады) және төлем түбіртегін 17 наурызға дейін төменде берілген бағыттар бойынша кестедегі электронды поштаға жіберуі керек. Фестиваль материалдарын 12 сәуірге дейін жіберулері қажет.

Бағыттар	Элпошта	Жауапты	Телефоны
Жоғары оқу орындары бойынша			
Барлық бағыттар бойынша	banu.rezuan@mail.ru	Ғалиябану Кабиевна	8747394 5945
Орта білім беру (мектептер) ұйымдары бойынша			
«Өнерпаз болсаң арқалан» өнер бағыты	a.festifal@astana-modern.edu.kz	Калибаева Сая Уалхановна телефоны	87764466080
«Ғылым таппай мақтанба ...» ғылыми бағыт	a.festival2@astana-modern.edu.kz	Тлебалганова Динара Нурмухамедовна	87077874341
«Ұстаздық еткен жалықпас ...» әдістемелік бағыт	a.festival3@astana-modern.edu.kz	Каржикова Дария Саметовна	87076848271
«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» бағыты	a.festival4@astana-modern.edu.kz	Омирбекова Макпал Куанышевна	87473495339